

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-15

ЕРЕЖЕ

**Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және
жүргізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі қолдау
қағидаларын бекіту туралы**

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-15

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ

4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі
 ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «27» 02 2026 жылы
 № 8 хаттама № 1 баспа

3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-15

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	5
4	Белгілер мен қысқартулар	6
5	Педагогтерің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі	6
6	Біліктілікті арттыру курстарын өткізу тәртібі	6-7
7	Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі	7-8
8	Қорытынды	8
9	Қосымша	9-10
10	Сертификат үлгісі	11
11	Сауалнама үлгісі.....	12
12	Келісу парағы	13
13	Танысу парағы	14
14	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	15

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 4-15

БЕКІТІЛДІ

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
«27» 02 2026 жыл № 2 хаттама
Ғылыми кеңес төрағасы
А. Жудебаев

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай – ақ педагог қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі-Ереже) "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ (бұдан әрі-Академия) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі заңдарына сәйкес әзірленді және біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауды ұйымдастыру, жүргізу тәртібі.

1.2. Осы Ереже Академияның нормативтік құжаттарының құрамына кіреді және оның талаптары орындалуға міндетті болып табылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Ереже Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы ережесіне сәйкес әзірленді.

2.2. Ережеде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы ережесіне сілтемелер қолданылады.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Сыртқы қорытынды - ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағалау бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзіреттілігін растау рәсімі;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5-15

Қорытынды бағалау	- қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі;
Біліктілік	- тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;
Курстан мониторинг	кейінгі - Педагогикалық практиканың нақты жай күйін курс бағдарламасынан күтілетін нәтижелерімен салыстыру мақсатында сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметін бақылау және бағалау жүйесі, сондай-ақ қашықтықтан режимінде;
Педагогтердің біліктілігін арттыру	- оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктіліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;
Педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	- үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым;
Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу	- педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;
Сарапшы	- біліктілікті арттырудың ұзақ курстары бағдарламасының талаптарына педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімін жүзеге асыратын сертификатталған маман;
Сертификат	біліктілікті арттыру курстарының білім беру - бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан табысты өткен тыңдаушыларға берілетін құжат; тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша
Сертификатталған тренер	- оқудан өткен және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын адам; біліктілікті арттыру курсынан өтуші адам.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-15

Тыңдаушы -

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ПОҚ
ҒК

Профессор-оқытушы құрам
Ғылыми кеңес

5. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.1. Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында мемлекеттік тапсырыс есебінен де, басқа да көздер есебінен де біліктілікті арттыру курстарынан (бұдан әрі-курстар) өтуге тең мүмкіндіктерге ие.

Оқытуға үміткер педагогтар:

1) жоғары педагогикалық, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, сондай-ақ тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білімі немесе техникалық және кәсіптік білімі бар;

2) білім беру ұйымдарында, білім беруді басқару органдарында, әдістемелік сүйемелдеу органдарында жұмыс істейді;

3) білім беру жүйесінің қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын біледі.

5.2. Курс оқуға үміткер педагог келесі құжаттарды ұсынады:

1) ҚР БҒМ қағидаларына 1 немесе 2 қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) ҚР БҒМ қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстары тыңдаушысының сауалнамасы;

3) Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5.3. Педагогтер білім беру ұйымдары, білім бөлімдері басшыларының бұйрықтары негізінде курстарға жіберіледі.

5.4. Білім беру процесін ұйымдастыру оқу жоспарымен, сабақ кестесімен реттеледі.

5.5. Тыңдаушыларды курстарға қабылдау ректордың бұйрығымен рәсімделеді.

6. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Курстар ұйымдастырылады:

1) еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);

2) жалақысын сақтай отырып еңбек қызметінен қол үзіп (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);

3) шетелде еңбек қызметінен 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге қол үзе отырып;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 7-15

4) аралас (күндізгі қашықтықтан оқыту әдісімен) әдістерімен ұйымдастырылады.

Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытылатын бейініне сәйкес техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

6.1. Курстарды келесі санаттағы тренерлер өткізеді:

- 1) біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша жұмыс тәжірибесі бар педагогтер;
- 2) қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілі бар өндірістік кәсіпорындардың мамандары мен қызметкерлер;
- 3) шығармашылық және бейіндік мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын Академияның профессор-оқытушылар құрамы.

Курстардың ұзақтығы:

- 1) қысқа мерзімді курстар – 36-дан бастап 108 академиялық сағатқа дейін;
- 2) ұзақ мерзімді курстар – 108 академиялық сағаттан көп;
- 3) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің тағылымдамасы – кемінде 36 академиялық сағат.

4) Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды.

Тыңдаушы ұйыммен курстардан өту туралы келісім шарт жасасады.

Келісім шарт курстардан өтуді ұйымдастыру бойынша барлық шығыстарды төлеуге байланысты қаражатты аудару үшін негіз болып табылады. Курстардан өткен тыңдаушыларға сағат тақырыбы мен көлемі көрсетілген сертификат беріледі.

6.2. Сертификатқа ұйым басшысы қол қояды, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлға қояды, сертификат берілген күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде әрекет етеді.

6.3. Сертификат алмаған тыңдаушылардың мүмкіндігі:

- 1) жылына бір реттен артық емес, білімді қайта бағалауға;
- 2) келесі курстар ағынымен білімді қайта бағалауға;
- 3) ағымдағы жыл ішінде бір ағыннан екінші ағынға дәлелді себеппен ауысуға;
- 4) растайтын құжаттарды ұсына отырып, дәлелді себеппен үзілген курсты аяқтауға.

7. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІН КУРСТАН КЕЙІНГІ СҮЙЕМЕЛДЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу-педагогтің курстан кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік, консультациялық көмек

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 8-15

көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі.

7.2 Курстан кейінгі мониторинг-педагогикалық практиканың нақты жай күйін курстар бағдарламасының күтілетін нәтижелерімен, оның ішінде қашықтықтан салыстыру мақсатында сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметін бақылау және бағалау жүйесі.

7.3 Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагог алған кәсіби құзыреттерін оқу процесінде қолданады. Біліктілікті арттыру бөлімі педагог қызметіне бақылау және мониторинг жүргізу кезінде педагогтың алған құзыреттерін қолдану нәтижелерін қадағалайды.

7.4 Біліктілікті арттыру бөлімі бір күнтізбелік жыл ішінде және одан да көп уақыт ішінде педагогке ұсынылатын педагогтің кәсіби қызметіндегі өзгерістерге қорытынды мониторинг және талдау жасай отырып, алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін біліктілікті арттырудан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асырады.

7.5 Курстан кейінгі сүйемелдеу мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен айқындалады.

7.6 Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізудің түрлері:

- 1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;
- 2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық көмек көрсету;
- 3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (байқаулар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру шаралары) өткізу.

Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингілеу 3 (үш) жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

8. ҚОРЫТЫНДЫ

8.1 Осы қағидалар бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

8.2 Өзгерістер мен толықтырулар Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде енгізіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 9-15

Ректордың бұйрығымен бекітілген
«Темірбек Жүргенов атындағы
ҚазҰӨА» РММ педагогтерінің
біліктілігін арттыру курстарын
ұйымдастыру, өткізу қағидаларына
Қосымша

«__» _____ 2026 жыл

№ _____

Өтініш нысаны

(тегі, аты, әкесінің аты бар болған жағдайда)

қызметі

Өтініш

Мен, _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

_____ тілінде _____

білім беру бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқу үшін
менің кандидатурамды қарауды сұраймын.

(өтініш берушінің қолы)

"__" _____ 20__ жыл

(өтініш берілген күн)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 10-15

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары тыңдаушысының сауалнамалары

Аты-жөні, тегі
Қызметі
Білімі
Жұмыс орны
Жалпы еңбек өтілі
Педагогикалық еңбек өтілі
Оқыту тілі
Мекен жай
Байланыс телефоны
Электрондық почта
Қосымша ақпарат

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11-15

*Біліктілікті арттыру курстарының сертификат
нысаны*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ		РГУ «Казахская национальная академия искусств имени Тимирбека Жургенова» Министерства культуры и информации Республики Казахстан
СЕРТИФИКАТ		
Ректор	А. Жудебаев	Тіркеу нөмірі: Регистрационный номер:
		

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 12-15

Кері байланыс сауалнамасы

Құрметті әріптестер!

Өткізілетін курстардың сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз:

Қатысушының аты-жөні, тегі:

Жұмыс орны:

Қызметі:

Ұсынылған курс материалы сіздің жұмысыңызда практикалық қолдану үшін қаншалықты пайдалы?

- ☐ пайдалы
- ☐ пайдалы емес
- ☐ практикалық құндылықты білдірмейді

Сіздің біліктілікті арттыру курстарынан күтулеріңіз қаншалықты жүзеге асырылды?

- ☐ толық
- ☐ ішінара
- ☐ іске асырылмады

Курстарда оқығаннан кейін кәсіби өсуіңізді қалай бағалайсыз?

- ☐ айтарлықтай өсті
- ☐ көтерілді
- ☐ айту қиын

Сіз қызметтің қандай салаларында қиындықтарды бастан кешіресіз?

- ☐ Білім беру үдерісін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
- ☐ психологиялық-педагогикалық
- ☐ ғылыми-зерттеу
- ☐ әдістемелік
- ☐ жоспарлау
- ☐ педагогикалық талдау мәселелері
- ☐ тәрбиелік
- ☐ ұйымдастыру



Білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы ақпаратты қайдан аласыз?


- ☐ біліктілікті арттыру курстары
- ☐ ғылыми-әдістемелік басылымдар
- ☐ ҚБ ғылыми-әдістемелік қызметі
- ☐ интернет ресурстары, желілік қауымдастық
- ☐ басқа

Кері байланыс үшін рахмет!

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.08-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 13-15

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ


Әзірленді:		
Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімінің басшысы		Назимхан У.У.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ергөбек Ш.Қ.
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысы		Әбдірахман Г.Б.
Персоналды басқару бөлімінің басшысы		Сыдыкова А.С.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.



27.02.2026 ж.

Бет 14-15

[illegible]



27.02.2026 ж.

Бет 15-15

[illegible]